

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2005 жылғы 21 қазандағы N 97 шешімі. Байғанин аудандық әділет басқармасында 2005 жылы 28 қазанда N 3-4-15 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 қазандағы № 42 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012.10.29 № 42 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10 бабына, Қазақстан Республикасының № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарына сәйкес азаматтардың құқы мен бостандығын, қоғамдық қауіпсіздігін, көліктің, аудан инфраструктурасының қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектің және кіші архитектуралық үлгілерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2009.04.24 N 90 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

1. Байғанин ауданы елді мекендерінде бейбіт жиналыстар, митингілер және пикеттер өткізуге мына орындар белгіленсін:

- Қарауылкелді ауылдық округіне қарасты "Сапар" АҚ әкімшілік үйінің алдындағы алаң;

- Көлтабан селолық округіне қарасты ескі базар алаңы;

- Ащы селолық округіне қарасты кітапхана үйі алдындағы алаң;

- Қопа селолық округіне қарасты телеорталық алдындағы алаң;

- Сартоғай селолық округіне қарасты "Асылтас" дүкенінің алдындағы алаң;

- Жарқамыс селолық округіне қарасты кітапхана үйі алдындағы алаң;

- Қызылбұлақ селолық округіне қарасты "Әсем" дүкенінің алдындағы алаң;

- Жаңажол селолық округіне қарасты клуб үйі алдындағы алаң;

- Миялы селолық округіне қарасты клуб алдындағы алаң;

2. Шешім мемлекеттік тіркеуге аланған сәттен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы:

А.Ж. Шүкір

Аудандық мәслихат

Б.Н.Берік

хатшысы міндетін атқарушы:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК